

АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№45(55) 8 қараша 2024 жыл

Бастауыш ұйымдарда

«АСЫЛ АНА» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ҚҰРЫЛДЫ

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық бірлестігі Алматы облыстық филиалының Президиум отырысында бекітілген облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ережесін басшылыққа ала отырып қазан айының 22-23 күндері Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Төле би, Жапек батыр, М.Түймебаев, Көкқайнар ауылдарында тұрғындардың қатысуларымен жиналыстар болып өтті.

Жиналыстың күн тәртібіне сәйкес аталған ауылдарда «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктері құрылып, төрағалары сайланды.

Ал, 24 қазан күні округ орталығы М.Түймебаев ауылында жалпы тұрғындардың қатысуымен өткен жиналыста көпшілік дауысқа ие болған Жанар Қойшыбайқызы Орманбаева Ащыбұлақ ауылдық округі «Асыл ана» бірлестігінің төрайымы болып сайланса, орынбасары

ры лауазымына Алтыншаш Кертайқызы Аденова сайланды.

Жанар Қойшыбайқызы да, Алтыншаш Кертайқызы да осы уақытқа дейін №29 және №19 орта мектептерде бастауыш ардагер ұстаздар ұйымдарының төрайымы болып келген. Қоғамдық жұмыстарда тәжірибелері бар ардагер ұстаздар. Келесі кезекте қоғамдық бірлестіктің мүшелері де сайланды.

Жиналыс округтегі ардагерлер ұйымы



ның төрағасы Д.Жамалбековтың төрағалығымен өтті.

Сөз кезегін алған Іле ауданы ардагерлер кеңесі төрағасы міндетін уақытша атқарушы Шорманов Нұрлан Амангелдіұлы және басқа да сөйлеушілер бірлестіктің жұмысына өз ұсыныстары мен тілектерін жеткізіп жатты.

Міне округімізде тағы бір ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп насихаттайтын қоғамдық бірлестіктің тұсауы кесілді. Іске сәт!

Даулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Іле ауданы.



Ардагерлер ұйымында

АТҚАРҒАН, АТҚАРАТЫН ІСТЕР БАР

Бақанас ауылындағы ардагерлер ұйымының есебінде 41 ардагер бар. Олардың біразы зейнет жасында болса да елмен бірге қатардан қалмай жұмыс істеп, еңбектен қол үзген жоқ.

Бақанаста көп жасаған ақсақалдарды қарттар күнінде марапаттадық. Токсанға келген Есімов Айтжан деген ақсақалымызға шапан кигізіп, облыс әкімінің және облыс ардагерлер ұйымы төрағасының Алғыс хаттарын табыстадық. Күршіалиев Микоян, Сауранбаев Чапай, Әбдірахманов Иман және Жыршыбаев Ербосын деген ақсақалдар да сый-сыяпатсыз қалмады. Жыршыбаев Ербосын бұрын орман шаруашылығында еңбек еткен еді. Ол жақтағы бұрынғы ұжымы да ақсақалды ескеруісін қалдырмады.

Одан бөлек көп жанұялы, жағдайлары төмен баспанасыз жүрген ардагер зейнеткерлерге заңдық құқық жағынан өзін көмектесіп, құжаттарын дұрыстап, тиісті жерлерге өткізіп беріп отырамын. Соның нәтижесі болар былтырғы жылдан бері 7-8 адам үй алды.

Микоян ағамыз бен жұбайы сексенге келіп, олардың мерейтойларын өткізуге атсалыстық. Ауылымызда бұрын қаратәмен



айналысқан бір азамат аяқ астынан ауырып, соның еміне ақсақалдар өздері ұсыныс жасап, қаржы жинап қол ұшымызды бердік. Тұрмыс жағдайы төмен ақсақалдардың отын алуына, малының шөппен қамтамасыз етілуіне өз үлесімізді қостық. Ақсақалдарға өз арамыздан ақша шығарып,

арзан бағаға аздап-аздап күрішін де сатып алып беріп жатырмыз. Түрлі деңгейде өгіп жатқан спорт жарыстарына да ардагерлеріміз шет қалған емес. Облыстық жарыста дойбы жарысынан Марат Қашқынбаев деген азаматымыз екінші орын алып келді. Басшыбаева Зәуреш деген ардагеріміз қазақтың әдет-ғұрпын дамытуда облыстық байқауда бірінші орынды иемденді.

Бәрімізге белгілі, Талғарда болған жағдай елді дүр сілкіндіріп жібергені бар. Келешекте осындай келеңсіз дүниелер бізде де қайталанбас үшін мектептерге арнайы топ болып барып, оқушылармен кездесіп, жастар санасына тәлім-тәрбие дәнін сіңірсек деп жоспарлап отырмыз. Одан бөлек соғылып жатқан үйлерден жағдайы төмен отбасыларына үй алып берсек деген ойдамыз. Ауылымызда еселі еңбек етіп, бұл күндері зейнет жасында жүрген ардагерлеріміздің кейбіреуіне «ауданың Құрметті азаматы» атағын алып беруге күш салудамыз.

Мұқанғали ҚОЖАБЕКОВ,
Бақанас ауылының ардагерлер ұйымының төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

АЭС құрылысына дайындық қалай?

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Мәжіліс кулуарында АЭС құрылысына қатысты дайындық қалай жүргізіліп жатқанын айтты, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



Министр алдымен үкіметтік комиссия құрылатынын атап өтті.

Бүгінгі өзінде алдын ала консультациялар басталып, ҚХР мен Корея Республикасына сапар жасап келдік. Біз әлеуетті компаниялардан нақты жауап алғанымыз келетін бағыттарды алдын ала айттық. Бұл құрылыс құны және уақытында аяқтау кепілі. Бюджет аясында ең алдымен қауіпсіздік, бүкіл әлеуметтік пакет, қаржыландырумен қамтамасыз ету және өндірістік отынды оқшаулау мәселелері қарастырылады. Осының негізінде үкіметтік комиссия Үкімет басшылығына өз ұсыныстарын дайындайды, - деп түсіндірді министр Сәтқалиев Мәжіліс кулуарында.

Алмасадам Сәтқалиевтің айтуына қарағанда, бұл Президент жанындағы Энергетикалық кеңесте қаралап, талдау нәтижесінде нақты шешім қабылданады.

В Алматинской области назначили нового начальника УБОП

Байжан Сатылганов возглавил УБОП по Алматинской области, передает TengriNews.kz.



В пресс-службе департамента полиции Алматинской области сообщили, что Байжан Сатылганов назначен временно исполняющим обязанности начальника УБОП.

Майору полиции Байжану Сатылганову 35 лет, он родился в селе Михайловка Кордайского района. В органах внутренних дел служил с 2012 года. Трудовую деятельность начал с должности помощника участкового инспектора полиции. Сатылганов работал на различных руководящих должностях в департаменте полиции на транспорте, а также в ДП Жамбылской области. Ранее занимал должность начальника отдела полиции района имени Тураара Рыскулова Жамбылской области.

Биыл Қазақстанға 15 мыңға жуық этникалық қазақ көшіп келген

2024 жылдың басынан бері Қазақстанға 14 391 мың этникалық қазақ көшіп келіп, қандастар мәртебесін алған, деп хабарлайды Ulys Еңбек министрлігіне сілтеме жасап.



«Қазақстанға келген қандастардың 45,8%-ы Қытайдан, 39% – Өзбекстаннан, 5,9% – Моңғолиядан, 5,2% – Түрікменстаннан, 2,9% – Ресейден және 1,2% басқа елдерден көшіп келген», - деп хабарлайды Еңбек министрлігі.

Дереккөзге сүйенсек, көшіп келген қазақтардың жартысынан көбі еңбекке жарамды жаста. «Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 17,9%-ы жоғары білімді, 24,4%-ы орта кәсіби білімді, 54,4%-ы жалпы орта білімді, және 3,3% білім жоқ», - деп хабарлады министрлік.

Қандастарды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер ретінде Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары анықталған.

БАСПАСӨЗ-2025



Ұйғыр ауданының тұрғындары жоғары ұйымшылдықпен «Алатау ардагері» газетіне жазылуда.

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - 5415,20 теңге
Индексі- 65472

Нар түлға

ЕҢБЕГІМЕН ЕР АТАНҒАН

Өскен ортаң, оның ауасы жұпар, суы мөлдір Тәңіртаулы өлке болса оны қалай қиярсың! 1979 жылдың шілдесінде Алматы Жоғары партия мектебін бітірген соң қазіргі Райымбек, бұрыңғы Нарынқол ауданының бірінші хатшысының қабылдауына келдім. Маған осы оқуыма жолдама беріп, ұсыныс жасаған Шахман Зиятханұлы Есенаманов жиналған бюро мүшелерінің алдында өз пікірін ортаға салды.



— Бұрын осы ауданда қызмет жасады. Шаруашылық жұмысының жәй-жапсарын біледі. Сені ең іргелі Ленин атындағы колхозға партия ұйымын басқаруға ұсынып отырмыз. Басшысы – көпті көрген Нүсіпбек Әшімбаев. Оқығаныңды енді нақты іспен көрсетуің керек, - деді қысқаша сөйлеп. Бұл ұсынысты жиналғандар түгел қолдады. Көңілімде көп ой. Атағынан ат үркетін, есімі республикаға мәлім Әшімбаев сияқты білгір басшымен қызметтес болу екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Бастауыш партия ұйымының сайлау жиналысында да аудандық партия комитетінің хатшысынан кейін сөз алған Нүсіпбек Әбілбек Айтқыновты аудандық комсомол ұйымын басқарғанда ұйымдастыру жұмыстарын білетін, қабілетті, елмен тіл таба білетін жігіт екенін байқағанмын. Көмектесеміз, - деп қолдау көрсеткені бойыма күш-қуат берді.

Үш цехтық ұйымға біріккен бастауыш партия ұйымында 150-ден аса коммунист есепте тұрады екен. Шаруашылықтың екі бөлімшесі шағын екі колхозға тең келетін. Олардың әрбірінде 35-40 мыңдай қой-ешкі, бір-бірден ірі қара, жылқы фермалары бекітілген. Барлық партиялық ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмысы осы салаларға бағытталатын. Шаруашылықта таңертеңгі сағат 5-6-да машина-трактор шеберханасында күнделікті басқарма төрағасының басшылығымен жоспарлық жұмыс басталады. Берілген тапсырманың орындалуы барысы туралы әр бірлік басшыларының есептерін тыңдаймыз. Бұдан кейін Нүсіпбек бөлімше меңгерушілерінен бастап әр сала мамандарына дейін міндет қойып атқаратын жұмысын айқындап беретін. «Тәртіпке бағынған құл болмайды», деп бағыр қолбасшымыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, мамандар арасында орнықты тәртіп қалыптасқан. Қандай жиын болсын мезгілінде кешікпей басталады. Тек жиналыс қана емес, ауылдағы той-томалақты да өз мезгілінде бастауды әдетке айналдырған. Мұнда да Нүсіпбектің ықпалын байқауға болады. Уақытты қадірлеу секілді аса қымбат ұғым бойларына сіңген.

Басқарма бастығы елді алаламайтын, бөліп-жармайтын. Кімде кім қоғамдық жұмысты жан-тәнімен жақсы істесе, соны ең жақы-

Осындай өзара сенім, әр маманның жауапкершілігін күшейте түскен.

Нүсіпбек басқарма отырыстарын жалпы жиналыстарды ұзын соңар, кең арқауға созбай, боз қызыл сөзге жол бермей нақты мәселені талқылап біткен соң, қысқа қайыратын. Сынды да орнымен, нақ дәлелімен айтатын.

Партком хатшысының жазатын хаттамасы да, аупарткомға жолдайтын ақпаратты да жетерлік. Қағазбастылық қалмаған. Арасында кеңседе ұзақ отырып қалсаң «Әбілбек, жүр бірге малшылардың жағдайын білейік, жұмыстың қалай жүріп жатқанын көрейік» - деп неге екенін алғашқы күннен бастап мені жанынан қалдырмады. Осылайша Нүсіпбекпен бірге жүріп, шаруашылық жұмысының қыр-сырын үйрене бастадым. Қазір ой елегінен өткізсем онысы мені үйренсін, білсін деген қамқорлығы, жанашырлығы екен. Бұл да ақсақал жасына жеткен қарияның парасаттылығы болар. Нүсіпбекке жаңашыл, білгір басшының өмір университетінен алған тәрбием, ойыма жинақтаған тәжірибем өмір жолымда кәдеге асып, бағдаршамдай жол көрсетті.

Басқарма бастығы болып жүрген жылдары қазақтың бетке ұстар аяулы өнер жұлдыздары Бибігүл мен Роза да осы үйде қонақ болып, абыз қарияның батасын алған, ықыласына бөленген. Осы үйдің құтты дастарханынан қазақтың маңдайына біткен біртуар ұлдары, мемлекет және қоғам қайраткерлері Д.Қонаев, А.Асқаровтар дәм татып, ризашылығын білдірген.

Нүсіпбек сөйлей-сөйлей шешендік, көре-көре көсемдік дәрежесіне жеткен адам. Үзенгі бауы алты қарыс болып шіренуді білмеді, көкірегін кермеді кең пейілділігінен айнымады. Қарапайым қалпын сақтап түзде бастық, ошақта үй иесі болып, ауласындағы бір-де екілі уақ малын, сиырын қарап, тіршілік жасады. Света қызы да есейе келе шау тарта бастаған әкесінің қора жайындағы жұмысқа араласып қолын ұзатты. Света да бастықтың қызы демей сыныптастармен бірге жазы, қысы шаруашылық жұмыстарына оқушылармен бірге қатынасып жүрді. Мектепті үздік бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсті, өмірлік қосағын тапты. Сағатбек



ным деп есептейтін. Көпшілік арасында оның атын атап мадақтап, қолпаштап отыратын. Ауылдың үлкен-кішісімен де емін-еркін араласып, тілін тауып сөйлесіп жататын. Тұрмыс жағдайын біліп қиын бір жағдайға тап бола қалса ақылмен айтып, сөз көмегін де көрсететін.

Өз қатарластарымен бас қоса қалса сонау ата-баба, өлкі тарихынан бастап шежірені ағытып сара сөздің майын ағызатын. Жүзге жеткенше жадын жаңылмай бастан өткен оқиғаларды ұмытпай қызметтестерінің, таныстарының аттарын жаңылмай еске алып отыруы тыңдағандарды таң қалдыратын.

Жас кезінен бір ауылды өмір қазанында қайнатып, піскеннен бе, әр отбасының тайлы-тұяғына дейін түсін түстеп еске алатын. Шаруашылықтағы үлкен, кішілі мамандардың барлығы оның көз алдында өсіп жетілген кешегі жастар, кейбіреуі мектеп бітірген соң колхоз атынан институттарда оқып келгендер. Барлығы- Әшімбаев сияқты талапты да көреген басшының іріктеуі мен сынынан өткендер.

Мәселен, бөлімше меңгерушілері Әшірбек пен Тілеужан екеуі де еңбек жолын қара жұмыстан бастаған бала жастар болатын. Қазір олар етек-жеңі кең, көпті көрген, тәжірибелі бөлім басшысы дәрежесіне жетті. Басқарма бастығы аса бір күрделі мәселе болмасын олардың шаруасына араласпайтын. Шешім қабылдауына еркіндік, дербестік беретін. Қалған шаруашылық бірліктерін басқарушылар да жоғарыға жалт-тақтамай өз жұмыстарын атқарып жататын. Ал шаруашылықтың болашақ дамуының күрделі мәселелер бірінші басшы өз мойнына алған.

екеуі зейнетке шыққалы бері ұлын ұяға қондырып, қызын қияға ұшырып, аталық парызын орындап жүр. Бейнеттерінің зейнетін көріп жатқан қадірлі замандастарымыздың бірі.

Өмірдің бұралаңына құрық жетпейді. Тау-таумен қосылмаса да, адам адаммен түбінде бір кездеседі екен. Көмірші ауылында жеті жылдық мектепте оқып жүргенімде сыныбымызға Мият деген бала қосылды. Екі жылдай бірге оқып, басқа мектепке ауысып кеткен еді. Содан бері арада қаншама жыл өтті. Жолымыз бір түйіспеді. Сарбастауға көшейік деп дайындалып отырғанбыз. Есік алдына ГАЗ-51 машинасы келіп тоқтады. Кабинадан Еңгезір деген жігіт түсті. Тани кеттім, бағым Мият. Сол күннен бастап ескі достарша араласып кеттік. Мияттың фамилиясы Әшімбаев колхоз бастығының ұлы болып шықты. Біздің ауылда оқып жүргенімде өзі ұнатып қалған қызға үйленіпті. Ерте отбасын құрып, балалы-шағалы болған соң ауылда қалып шоферлық мамандық таңдапты. Озат шофер, үлгілі отбасының бірі екен. Достығымызды жалғастырып араласып, сыйласып жүрдік. Мәңгі өмір ешбір пенденің маңдайына жазылмаған. Мият та дүниеден ерте қоштасты. «Ұлы бардың өзі бар, қызы бардың көзі бар» деп өзімізді жұбатқан боламыз.

Нүсіпбектің өзінің ізін басқан ұлдарының бірі-ұлы Мақсат. Қатардағы аграрномнан аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығына дейін көтерілді. Бүгіндері Сарбастауда қара шаңырақтың иесі. Өзінің қалаған кәсібімен айналысады. Аудандағы беделді, абыройлы жігіттің бірі.

Бес-алты алтындай ұлы мен күмістей қыздардың алтын құрсақты анасы – Зақан апай. Ауылдың ақсақалдары мен әжелері келіндері мен қыздарына «Зақандай кішіпейіл, әдепті, қонақжай, ошақтың иесі болындар», деп ол кісіні ауыздарына алып отырады. Сыйлайды. Күміс самайлы әже болса да үлкендердің алдынан қия өткен кезі болмады. Абысын-ажындарымен дәм тұзын бөлісіп, тату-тәтті сыйласып жүрді. Отағасының жан-жақтан сапырылысып келе жатқан қонақтарына дастарханын кең жайып, сый-сияпатын көрсетіп бәйек болып тыным таппайды. Үйдегі бар шаруа өз мойнында болатын. Барлығына үлгеріп жүреді. Аядай үйінің әр бөлмесіне шаң жуытпайтын, айнадай жарқырап тұратын. Сән-салтанаттан, қымбат дүниеден бойын тартып ұстады. Үй іші де ауылдың көбінің біріндей болып тұрды. Есігі келген адамға ашық тұратын.

Нүсіпбек жаңалыққа жаны құмар жанашыр адам еді. «Жақсылық та, жамандық та пенденің өзінен» деген қағидатты ұстанды. Айттайық, 1960-1966 жылдары Қазақстанның көпшілік аймақтары теле арналардың қызығын көріп тамашалап жатты. Ал, Нарынқол өңірі бұндай жетістіктен шет қалды. Кері жүйені аудан игілігіне айналдыру ісін қолға алған бірінші кісі Нүсіпбек Әшімбаев болғанын бүгінгілердің біреуі білсе, біреуі білмейді. Телерадиокорпорация төрағасының есігін тоздырып, келісімін алып Тұзкөл тауын бұзып, тасын жарып, қиялап жол салды. Ұшар басына телемұнара орнатты. Егде жасына қарамай осындай қиын шаруаның басы-қасында жүрді.

1979-1981 жылдары бір сыпыра аудандарда тұз тапшылығы туындады. Көпті көрген басшы тағы да мұрындық болып техникасын сыйлап, механизаторларын жұмылдырды. Тұзкөл көлінен 200 тоннадай тұз дайындалды. Өзіміздің шаруашылықты да, ауданның колхоз, савхоздарын да мүмкіндігінше тұзбен қамтамасыз еттік.

Осы жылдары аудан басшылары мәдениет саласындағы жұмыстарды жақсартуға өзгеше ден қойып, көркем өнерпаздар үйірмелерінің байқауын өткізе бастады. Біз де өнерлі жастардың басын қостық. Ең негізгісі оларға музыкалық аспаптар, ұлттық киім-кешектер қажет. Нүсіпбек басшы ретінде осы шараны материалдық, рухани жағынан да барынша қолдады. «Қазақконцерт» бірлестігіне барып, шартқа отырып, барлық қажет киім-кешекті, уақытында қолға тигіздік. Байқауға оркестріміз, ұлт аспаптар ансамблі, жүздей өнерпаз қатысқан хор ұжымын, әнші-күйшілерімізді дайындап апардық. Еңбегіміз текке кетпеді. Байқауда жүлделі бірінші орынды иелендік. Бұндай жетістігіміз жәйлі хабар «Қазақстан» телеарнасына да жетіп, одан шақырту алдық. Өнерпаздарымыз телеарна көрсермендеріне өз бағдарламасын ұсынды. Нүсіпбек бастаған біздер арнайы хабарға қатысып, қол жеткен табыстарымызды тыңдаушыларға әңгімелеп бердік. Осы жылдары жұмысшылар тарихындағы 50 жылдық мерейтойды да қуаныш құшағында, шаттық шалқарында атап өттік. Оған осы шаруашылықтың қазығын қаққан колхозшылардың барлығын шақырдық. Ауданнан шыққан, бүгіндері Юнеско көлемінде 100 жылдығын атап өтіп жатқан Бердібек Соқпақбаев сияқты белгілі жазушыларды, ақындарды, ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін шақырып, оларға да құрмет көрсеттік, кездесулер өткіздік. Колхоздың мерейтойына Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек ері Д.А.Қонаев өз құттықтауын жолдады. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы шаруашылықтың қол жеткен толағай табыстары үшін «Құрмет Грамотасымен» марапаттады.

Нүсіпбекке көреген, болашақты болжаған басшымен бірге жүрген кезде осы жазғандарым атқарған жұмыстардың бір парасы ғана. Ол кісі риясыз көңілімен маған сеніп көрсеткен соншалық, осындай жауапкершілігі үлкен шаралардың өткізу барысында жұмысыма араласап айтқан пікірлеріме бетімді қайтармай, неге олай, неге бұлай демей, бар көмегін аямай ақылдылығын танытты. Ұжымда басшы мен ондағы ұйымдардың ынтымағы бірге ауызбірлігі бір арнадан шығып жатса алынбайтын қамал болмайтындығына көзім жетті. Ынтымақ бір арнаға тоғысқан жерде береке болатыны, құт қонатыны сондықтан болар.

Осы жылдары Хантаңірінің ұшар шынына шығып, оған ту тіккендей болған жеңісіміз де, қуанышымыз да ауыл академигі атанған Тәңіртаудың тарланына Социалистік Еңбек ері атағының берілуі болды. Москвада партияның XXV съезі өтіп жатқан. Нүсіпбек екеуіміз қарашаның қарлы кешінде мал қыстатуы ұйымшылықпен өткізу жөнінде ақыл қосып, жоспар құрып отырғанбыз. Нүсіпбек біреуден хабар күткендей аландап отырды. Бір кезде телефон шыр ете түсті. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Алдан Оспановтың дауысы естілді.

- Әбілбек, Нүсіпбек қайда? Сүйінші! Москвадан хабар келді. Ол кісіге герой атағы беріліпті. Осыны естіген сәтте Нүсіпбектің жүзі нұр жайнады. Тұлпардай сілкініп орнынан тұрды.

- Келші Әбілбекім, ақжолтай болдым. Ризамын, - деп мені қаттырақ құшақтады- жүр кеттік үйге, апанды қуантайық,- деді. «Ақжолтайым» деген ыстық лебізін аузы дуалы, бақ қонған ауыл ақсақалының маған берген ақ батасындай сезіндім. Осы сөзді есіме сақтап ұмытпай келемін. Колхозымыз осы жылдары экономикалық даму бойынша қабылдаған міндеттемелерін барлық көрсеткіштер бойынша асыра орындаған болатын. Облыс көлемінде де көрсеткішіміз салмақты. Съезден кейін тек басшымыз ғана емес, бірсыпыра механизаторлар, егінші, малшылар, орден медальдарға ие болды. Олардың қатарында мен де «Құрмет белгісі» орденімен марапатталдым. Осындай жоғары марапатқа ие болуым барша еңбеккерлердің қажымас ерен еңбегінің арқасы, әрі Алла Тағаланың маған берген үлкен сыйы деп есептедім.

Нүсіпбек «Ғасырға ұласқан ғұмырым» деген естелік кітабында былай деп жазыпты: «Ол уақытта «Комсомол-патияның сенімді ізбасары» деген қанатты сөз көп айтылатын. Сол ұйымнан тәрбие алғандар қатарында көп жыл партия қызметінде болған жаны жарқын жандар Шайхиислам Баймұханбетов, Құрманбет Насыров, Тауыпалды Шәңгериев, сол секілді Шоганбек Мусаев, Назар Измаханов, Мәдениет Ұнаспаев пен Әбілбек Айтқыновтарды да өз істеріне шынайы берілген, ел-жұртты ілгері істерге үйіре алатын, партиялық қызметтің бергілікті жерге, бастауыш ұйымдарға нағыз ысылған жетекшілер ретінде еске аламын». Мені де партия қызметінің ардагері аталған алдыңғы толқын ағалар қатарына қосып атымды жазғанына төбем көкке жеткендей болды.

Иә, Нүсіпбек Әшімбаевтың өмір жолы күреспен, ерлік еңбекпен өткен. Өңіріне жарқыраған Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, тағы басқа бірнеше орден-медальдармен қатар «Социалистік Еңбек ері» атағының берілуі осындай үлкен қажымас қайраттың, таудай талаптың арқасында келген көрнекті мадақ деп есептеймін. «Талапты елге нұр жауар» демекші, ол жетімдікті көре жүріп, екі қолына сеніп, қандай жұмыс болса да қайтпай табысқа жетіп жүрді. Ақылына сүйенді. Қайырымсыз пенделердің қысастығын көріп, оның азабын тартса да кешірілді болды. Бала кезінде дүркіреп қашқан ел жұртпен бірге амалсыз шекара асқан үшін нақақтан нақақ қызыл империяның қахарына ұшырады. Қарлақтың тозақ отынан өтсе де рухын түсірмеді. Болашақтан үмітін үзбеді. Қоғамда орын алып жатқан келеңсіздікті көрсе де барлығына заман емес оны қолдан жасап жатқан адамдар кінәлі деп есептеді. Жүрек түпкірінде ата-бабадан қалған аманатын адал сақтап Алла Тағаладан тілеуін тіледі. Сонда да өзін идеяға берілген коммунистер қатарынан санады. Келмеске кеткен қоғамдық экономикалық формацияның жақсы жақтарын дәріптеп оның озық тұстарын қазіргі тіршілікте неге пайдаланбайды деп өкініп жүрді. Ақты ақ, қараны қара деп, үнемі ақиқатқа жүгінген дауылпаз басшыға да, қосшыға да шынықты айтудан еш жасқанбады. Осылайша әділетті ту еткен, қара қылды қар жарған турашыл мінезі кейбіреулерге кейде жақпай жатқанында естіп, біліп жүрдік.

Үш дәуірдің күнгеі мен көлеңкесін көрген, жақсылық пен жамандықты теңдей бастан кешірген, еңбекпен шындалған нар тұлға қаланың төрт қабырғасына кейде сыймай кететін. Мақсаты кілемдей құлпырған кең жайлауы Шалқөдені аңсайтын. Ойқарағай мен Айғай тастың құздарында архар ойнаған, асқар-асқар тауларының құт қонған қойнауларына сағынатын.

40 жылдай әйгілі Райымбек ауданының Ленин атындағы колхозын мінсіз басқарған ерен еңбегімен, аталы сара сөзімен елді аузына қаратқан, құрметке бөлеген Нүсіпбек Әшімбаев жайлы баспасөз бетінде талай-талай очерктер жарияланды. Тіпті Швециядан Москваға, одан Сарыбастауға арнайы келген шетел журналисі Нүсіпбекпен кездесіп қазақи қонақжайлылықты, шаруашылықтың табысын көріп «Соқадан – алып тракторға дейін» деген мақаласын жариялаған-ды. Жетістістерді еш боямасыз, тамсана, таңдана жазыпты. Нүсіпбек Әшімбаев тірі болса биыл 115 жасқа келер еді. 5 жылдай қызметтес болған жылдары ұстаз бен шәкірттей аралас құралас жүрген жылдардан естігенімді емес, көзбен көргенімді естелік болсын деп жазып отырмын. Кем кетігі болса осы алып тұлғаны көргендер оны толықтыра жатар деп ойлаймын.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ.
Еңбекшіқазақ ауданы

Өмірі өнеге

АНА — ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Анаға деген бала махаббатын ояту, анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, жас ұрпақты аналардың еңбегін бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында Жалағаш Мәдениет үйінде Аналар кеңесінің төрайымы Қызайбекова Нұргүл мен Мәдениет үйінің меңгерушісі Сәния Қонақбаеваның ұйымдастыруымен «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» жобасының «Бақытты ана-бақытты отбасы» бағыты бойынша көп балалы ана Биғайша Нұрзаққызының құрметіне арналған «Өмірі өнеге болған ана» атты кездесу кеші өтті.

Айтулы шараға Кеген аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Еркінбек Қалқаев, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Бақытгүл Демежанқызы, ауыл әкімі Айгүл Садырова, әр ауылдық округтегі аналар кеңесінің төрайымдары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Айта кету керек, ауданымызда өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде үлгі, өнеге болып жүрген алтын құрсақты аналарымыз бар. Солардың бірі- Биғайша Нұрзаққызы.

Әліқұлова Биғайша Нұрзаққызы 1937 жылы 27 маусымда Қытай Ха-



лікелей- берекелі дастарханның сәні. Бие сауылып, желіден құлын байланып тұрған шаңырақтан қонақ үзілмеген. Өз қолымен алаша тоқып, түскиіз тіккен. Жасаған құрақ көрпелері ұзатылған қыз жасауының сәнін кіргізді. 59 жыл отасқан отағасы 2003 жылы мамыр айында 76 жасында ауыр наукастан көз жұмды. Қазіргі таңда он бес баладан 49 немере, 48 шөбере сүйіп отыр. Он ұл өз алдына үй болып, рулы ел болды. Бес қыз бес рулы елдің өрісін кеңейтіп, өсіп-өніп, немере-шөбере сүйіп отыр. Бүгінгі күнде Биғайша Нұрзаққызы: «Осы бала-шағам аман-есен өсіп-өнісін!» деп дұға жасап, Аллаға шүкіршілік айтып отыр. Жасы 87- де.

Кездесу кешін аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Еркінбек Қалқаев ашты:

- Биғайша Нұрзаққызы келешек ұрпаққа үлгі болатын, кейінгі жас өнеге алатын талай елдік істердің басында жүріп, ер азаматтармен иық төнестіре еңбек етті. Елге де, ерге де сын сағат соққанда елдің тыныштығын сақтап, қоғам жүгін қайыспай көтере білген аналарымыз өркениетті даму жолына түскен мемлекетіміздің бүкіл тыныс-тіршілігінің басы, қасында болып, бірлік пен тұрақтылықтың сақталуына, ел әлеуетін көтеруге қазір де сүбелі үлес қосып келеді, - деген Еркінбек Нұрахметұлы мен

аудандық аналар кеңесінің төрайымы Бақытгүл Демежанқызы аудан әкімінің Алғыс хаты мен сый-сияпатын тапсырды.

Шара барысында кеш кейіпкеріне ұзақ жасаудың сыры, бала тәрбиесі, кешегі мен бүгінгінің айырмашылығы туралы бірқатар сұрақтар қойылып, ақыл-кеңестері тыңдалды. Басынан өткен жағдайларынан сыр шертті, Жүнісбай ата өмірден өткеннен кейінгі қиын кезеңдерді қалай өткергенін айтты.

Сондай-ақ, қолынан өнер тамған, өмірі үлгі болар Биғайша анамыз ауылдың бес жас келініне батасын беріп, ақ орамал салды.

«Өмірі өнеге болған ана» тақырыбындағы кездесу кешінде Биғайша Нұрзаққызы ұлттық тәрбие, рухани құндылық өлшемін жөнінде әңгімеледі. Қазақтың ақ жаулықты анасы дәстүрдің озығын бойына сіңірген ұлттың іргесі сөгілмейтінін, отбасы атты шағын мемлекетте кездесетін кейбір түйіткілді жайттарға түсінік берді. Кездесу соңы ауылдық өнерпаздардың ән мен күйіне ұласты.

Әсерлі кештен кейін жиналғандар Биғайша анамен естелікке суретке түсіп, жүрек жарды лебіздерін білдірді.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ,
Кеген ауданы.



лық Республикасының Тоғызтарау ауылында дүниеге келген. Сауатын төте жазумен ашқан, 4 сыныптық білімі бар. Сыныпты жақсы аяқтаған. 1955 жылы 25 ақпанда Әліқұл атанын шаңырағына 16 жасында келін болып түсіп, Жүнісбай атамен отау құрды. Тұңғышы Айтқожа 1958 жылы сәуір айында ҚХР-да дүниеге келді. 1959 жылдың маусым айында өз елімізге оралды. Сол жылы тамыз айынан бастап, «Тоғызбұлақ» колхозында еңбек етті. Қой бақты, жылқы бағып, бие сауды, колхозшыларға тамақ жасады. Солай еңбек ете жүріп отағасы екеуі дүниеге 15 ұл мен қыз тәрбиелеп, өсірді. «Батыр ана» атағын иеленді. Еңбек еткен жылдары бірнеше аудандық, облыстық Құрмет Грамоталарымен «Батыр ана» төсбелгісінен бөлек, «Еңбек ардагері» медалімен де марапатталды. Қолынан өнері тамған анамыздың бал татыған қымызы, майлы құрты, ірімшік пен сары майы,

Кәсібі - нәсібі

Райымбек ауданының орталығы Нарынқол ауылында «Хорлан» атты сауда кешені бар. Уақыттың үнімен үндесіп, тұтынушы талабын қанағаттандыру жолында аталған кешеннің алатын орны ерекше. Ашылғанына 35 жылдың жүзі болған әмбебап дүкен бүгінде қанатын кеңге жайып, келушілердің аяғы сиремейтін көпшілік орынға айналып отыр. Аталған сауда кешенінің иесі – осы ауданның тумасы, мекендестері кәсіпкер деп ыстық лебізбен атап кеткен зейнеткер Сара Мұқымжанова.

САРАНЫҢ «ХОРЛАНЫНА» КЕЛІҢІЗ!

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары бұрынғы кеңес үкіметі тарап, әр республика өз тәуелсіздігін жариялаған шақта осыған дейін онаша бұзаудың, ортақ өгіздің қамын жеп келген халық екі қолға бір күрек таба алмай, әрі-сәрі күй кешкені белгілі. Нарынқол экономика саясаты қазандай қайнап жататын еңбек орындарының тіршілік тынысын тарылтып, жұмысын жалғастыруға мүмкіндік бермегені, ақыр соңында жауып тынғаны ешкімнің ойынан шыға қойған жоқ. Бағыныштылықтан арылғанмен жұмыссыз қалған жұртшылық ендігі жерде жаңа қоғамның ыңғайына жығылып, қолдан келетін кәсіпке мойын бұруға, сол арқылы күнкөрісін ажыратуға кіріскен. Аудандағы жұмысшысы көп іргелі мекеменің бірі - «Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты» еді. Атағы дардай мекеме нарықтық экономиканың көшіне ілесе алмай, ғұмыры үзілген соң, мұндағы еңбек адамдары да уақыт алға тартқан кәсіпкерлікке икемделуге ден қойған. Осыған дейін аталған еңбек орнында тігін цехының шебері болып қызмет істеп келген Сараға да ендігі жерде заман ағымына қарай мамандығын өзгертуге тура келді. Сөйтіп, алдында тұрған сан

тарау кәсіптің ішінен халық қажетін өтейтін, ара-жігі бөлінбей, қоян-қолтық араласатын саудагерлікті қалап алды. Асыл жары Мәлік Нұрпейісов екеуі сауданы алғаш ұсақ-түйектен бастады. Меншігіндегі «Москвич» жеңіл көліктерімен алыстан арбалап, жақыннан дорбалап тұтынушыға ең қажетті деген тауарларды қол жетімді бағада ұсына білді. Саудаға жаңа бет бұрған кәсіпкер үшін сол шақтың күні мен түнінің айырмасы жоқ болғаны өтірік емес. Ерінбеген еңбек бар қиындықты жеңбек. Осы қағиданы берік ұстанған Сара Мұқымжанова зейнет жасында болса да бірте-бірте сауданың қыр-сырына төселіп, аз жылдың ішінде өз кәсібінің шебері ретінде танылды. Алғаш шағын дүңгіршекте ұсақ-түйектен басталған сауда бүгінде қанатын кеңге жайып, жан-жақты дамудың жолына түскен. О бастағы дүңгіршек қазіргі таңда «Хорлан» атты киім-кешек, жиһаз бен тұрмыстық бұйымдар, құрылыс заттары, автобөлшектер сататын ірі-ірі төрт сауда кешеніне айналған. Тұтынушылар өздеріне қажетті дүние үшін ат арытып, алысқа шабылмайды. Күнделікті қажетті дүниенің бәрі де «Хорланнан» табылады. Адам аяғы сиремейтіні де сон-



дықтан. Үш баланың анасы Сарадай кәсіпкер бүгінде сауданың көрігін қыздырумен ғана шектеліп отырған жоқ. Кейінгі жылдары қасынан табылып, бір жағына шығысып жүрген қызы Жанар екеуі 9 адамды жұмыспен қамтып, қамқорлық аясына алған. Сөйтіп, жұмыссыздықтың азаюына септігін тигізіп отырған жайлары бар. Күнкөрісі төмен, қамқорлық қажет ететін отбасыларына да демеушілік жасап, қайырымдылық көрсетуден айныған жері жоқ. Сондықтан уақыт үнімен үндесе білген кәсіпкер анаға жұртшылықтың айтар алғысы мол.

- Халыққа қызмет-абыройлы міндет. Әр азамат қолынан келетін ісін ұршықша иіріп, халықтың қажетіне жаратып жатса, одан асқан жақсылық жоқ. Кәсіпкерлікті серік еткен ширек ғасырдан аса уақыт барысында осыған анық көзім жетті. Іс тегігін іскерлікпен шешіп, жеткен жетістік, сүбелі табыстарды ел игілігіне жаратқанға не жетсін. Менің алдыға қойған мақсат, міндетім осы, - дейді кәсіпкер ана Сара Мұқымжанова.

Гүлбақыт САҒЫМБЕКОВА,
Райымбек ауданы.

Билікке айтарым бар!

Ауылға қауіп төніп келеді

Іле өзені өзінің ағыс жолында арнасын қазып, өзгеріп отырады. Бұрын земснаряд деген құрылғымен арнасын тереңдеп қазып, арна табанын жөнге салып, осы бағытта жұмыстар жүргізіліп отырылатын. Қазір ондай жұмыстар жүргізілмейді. Арна су жолы енді уақыт өткен сайын бергі жарқабаққа жақындап, судың әсерінен жарқабақ құлап жатыр.

Бұрын ауыл шеті мен өзен арасында үлкен жазық болатын. Сонда аудан көлемінде мерекелер өткізетінбіз. Бәйге алаңы болатын. Қазір сол жазық су астында қалып, суға толы өзен арнасы ауыл іргесіне тақалды. Оның бергі жағасында тұрғын үйлер тұрғанын ескерсек, шынында ауылға қауіп төніп келе жатқаны анық. Сол жағалауда тұратын халықтың жағдайлары тығырыққа тірелгендіктен әкімдікке реніштерін білдіріп, көмек сұрауда. Алайда, жарқабаққа тосқауыл қабырға тұрғызуға облыстан көмек болмаса аудан бюджеті оны көтере алмайтыны рас. Ескі арнасын тереңдетіп қазуға қолда арнайы техника да жоқ.

Өткенде облыс әкімі ауданға келіп, халықпен кездесуінде осы мәселе көтерілген болатын. Облыс басшысы осы жерге қажетті жоба жасалатынын айтып еді. Сол кісінің сөзіне сеніп, бір үмітін жетегінде отырмыз. Соған облыста отырған су шаруашылығы мамандар, басшылар келіп, жағдайды көзбен көрсе, содан кейін қандай шара қолданатынын халыққа айтса деген өтініш бар.

Жағдай осылай бола берсе тұрғын үйлер таяу уақытта су асына кетуі әбден мүмкін. Облыс басшыларын, тиісті мамандарын апаттың алдын алуға шақырамын.

Бекен ШЫБЫҚБАЕВ,
Ақдала ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӘУЛЕТІМІЗДІҢ ШАҢШЫРАҒЫСЫҢ АСЫЛ АНА!

Бір әулеттің шаңырағын биіктетіп, отын тұтатқан, шамшырағымыз, отбасымыздың алтын мүшесі, ардақты анамыз –Рая Васылқызы бүгін 80 атты керемет жасқа келіп отыр. Бұл жасқа жетіп, өз көркем болмысын жоғалтпай, жақындарына сыйлы боп отырғаның абыройыңның белгісі. Мәңгілік тән мен жан жастығы бұйырсын, саған, алтын Ана! Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды. Қымбатты ана өміріңіз көзге көркемдік сыйлайтын сәулетті, ал әулетіңіз дәулетті болғай. Лайым, ортамыздың жыры, нұры, ұлағатты ұйытқысы болып, жасыңызға жас қосыңыз, көңіліңізде көктем әні шырқалсын. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болғай. Ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын. Әлемдегі барлық жақсылықты өзіңізге тілеп, ғұмырыңыздың арайлы да шуақты шақтары мол болсын дегіміз келеді. Кең пейілді, жаны жұпар, жанұямызға жылу болған Анамызға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, мың ғаламның жақсылығын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Басыңыздан бақ таймасын, шаңырағыңыздан шаттық әні үзілмесін. Мейірім шашқан нұрлы жүзіңізді мұң шалмасын, көңіліңізге ешқашан кірбің түспесін. Немерелеріңіздің қызығына батып, шөберелеріңіздің қолынан су ішіп, шөпшек көруді нәсіп етсін.



Ізгі құрметпен балалары мен немерелері

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

С ЮБИЛЕЕМ!

От всей души поздравляем уважаемого жителя города Қонаев, военного пенсионера, старшего прапорщика в отставке Кабышева Бауржана Жунускановича! Пусть Ваша жизнь будет наполнена радостью и светом, а каждый новый день приносит вдохновение и счастье!

Слова прекрасные звучат
Сегодня в адрес Ваш и песни -
Ведь Вам сегодня шестьдесят!
При этом смотрите чудесно!

Желаем счастья, долгих лет,
Здоровья крепкого, достатка!
В делах успеха и побед!
Пусть светит солнышко Вам ярко!

Родные люди и семья
Пусть любят Вас и почитают!
Коллеги ценят и друзья!
И грусти пусть душа не знает!



Станислав Федоров,
подполковник медицинской службы запаса, ветераны ВС РК,
коллеги и друзья г. Қонаев.

Тәрбие

**ҚАЗАҚТЫҢ ТОҚСАН
ТОҒЫЗ ТЫЙЫМЫ**

- 1-адамға қарап түкірме;
- 2-адамды айналма;
- 3-ақтың жуындысын ағып жатқан суға төкпе;
- 4-ант-су ішпе;
- 5-ата-енен, (қайнығаң) жатқан жеріне жатпа;
- 6-ата-ененнің (қайнығаңның) төсегіне отырма;
- 7-ауызыңды қолыңмен жаппа;
- 8-аяғыңды жоғары көтерме;
- 9-аяқ киімді төрге шығарма;
- 10-балтаны аттама;
- 11-басыңды босағаға қаратып жатпа;
- 12-бейуақытта жылама;
- 13-бейуақытта кісіге көңіл айтпа;
- 14-бейіт топырағын сәндеме;
- 15-босағаға сүйенбе;
- 16-біреуге ор қазба;
- 17-дастарқанды ашық қалтырма;
- 18-босағаға тұрма;
- 19-дастарқанды баспа;
- 20-дастарқанды қағазбен сүртпе;
- 21-дастарқанды пышақпен қырма;
- 22-екі езуіңді керме;
- 23-ескі сыпырғышты отқа жақпа;
- 24-есікті құшақтама;
- 25-жақсы аттың тісіне қарама;
- 26-жақсының жасын сұрама;
- 27-жалғыз ағашты кеспе;
- 28-жаман сөз айтпа;
- 29-жаңа байығаннан қарыз алма;
- 30-жас жұбайлардың төсегіне отырма;
- 31-жаяу қамшыланба;
- 32-жер ошақты аттама;
- 33-жер ошақты айналып жүгірме;
- 34-жер таянып отырып ас ішпе;
- 35-жеті түнде жүрме;
- 36-жүреннен отырма;
- 37-жылқыны басына ұрма;
- 38-жыңғылмен қамшыланба;
- 39-киімді желбегей жамылма;
- 40-киімнің жағасын баспа;
- 41-көгалды таптама;
- 42-көсеуден аттама;
- 43-күйеуіңнен бұрын жатпа;
- 44-күн бата жатпа;
- 45-күн батқанда жатпа;
- 46-күректің сабын аттама;
- 47-кірдің суын есік алдына төкпе;
- 48-кісіге қарап есінеме;
- 49-қараңғыда кигіз қақпа;
- 50-қонаққа берер затты сол қолыңмен берме;
- 51-құбылаға қарап дәрет сындырма;
- 52-құдыққа түкірме;
- 53-құмырсқаның илеуін бұзба;
- 54-құранды баспа;
- 55-құр ерге мінбе;
- 56-құстың ұясын бұзба;
- 57-қыздың төсегіне отырма;
- 58-малға қарап дәрет алма;
- 59-малға теріс қарап мінбе;
- 60-малды құр қол айдама;
- 61-малдың желінген басын түнде лақтырма;
- 62-мойныға белбеу салма;
- 63-мысықты ұстама;
- 64-нанды тастама;
- 65-нанның үстіне басқа зат қойма;
- 66-октаумен баланы ұрма;
- 67-отқа дәретке отырма;
- 68-отпен ойнама;
- 69-отты теппе;
- 70-ішегіңді тартпа;
- 71-пышақты ауызыңа салма;
- 72-пышақты ұшынан ұстама;
- 73-пышақты шалқасынан қойма;
- 74-саусағыңды айқастырма;
- 75-саусағыңды шытырлатпа;
- 76-суға (озен ,көлге) қарай жүгірме;
- 77-сыпырғыны тігінен қойма;
- 78-сыпырғыны көкке қотерме;
- 79-табалдырыққа отырма;
- 80-таңғы асты тастама, кешкі асты бақпа;
- 81-таңдайыңды қақпа;
- 82-таяқ таянба;
- 83-тұзды баспа;
- 84-тұтқыштан аттама;
- 85-түнде түс жорыма;
- 86-түнде үй сыпырма;
- 87-түнде шаш алма;
- 88-түн ішінде жылама;
- 89-тырнағыңды егеме;
- 90-үйге артыңмен кірме;
- 91-үйді сабама;
- 92-үйде ысқырма;
- 93-үйіңе келгенге үйдей пәленді айтпа;
- 94-үлкенге сыртыңды беріп отырма;
- 95-шашты баспа;
- 96-шашыңды жұлма;
- 97-шашыңды отқа салма;
- 98-шелектегі суға ауызыңды батырма;
- 99-ыдысты теппе;

Дайындаған
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Тіл мәселесі

Бүгінгі сөз еткелі отырған мәселеміз, тіл мәселесі. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 1997 жылы қабылданды, мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілді. Одан бері тіл туралы қаншама бағдарламалар қабылданды. Осы заңдар мен бағдарламаларды іске асыратын адамдар. Бүгінгі біз өмір сүріп жатқан ортада осы қазақ тіліміздің жағдайы қалай деп ойлап қарасақ, ол мәз емес. Оған бір ғана мысалдың төңірегінде сөз қозғасақ.

**КӨРМЕҮІН ДЕСЕМ
КӨЗІМ БАР...**



Ол-көше атауларының дұрыс жазылмауы. Осы көшелерге еліне, жеріне аянбай қызмет еткен аяулы ұл-қыздарының атын беріп отыр. Сол атақты азаматтарымыздың көшелеріндегі әр үйде тактайшаларды оқысаңыз төбе шашыңыз тік тұрады. Бір ғана мысал, атақты жыр алыбы Жамбыл Жабаев атындағы көшедегі мына тактайшаларды оқып көріңіз.

Жамбыла, Ж.Жабаева, ал одан сорақысы Джамбула болып кете береді. Ал, бұл ұлы бабамызды қорлау емес пе? Ұлы бабамыздың атында үлкен облыстың ағы бар, одан қалды қаншама мәдени ошақтар Жамбыл Жабаев бабамыздың атымен аталады. Бұл не деген бассыздық, сауатсыздық, намыссыздық, немқұрайдылық. Біз болашаққа қандай ұрпақтарды тәрбиелеп жатырмыз? Сол көшедегі сол үйлерде тұрып жатқан азаматтарға өкпеміз қара қазандай. Мұның бәрін талдап жатқанымыз ұлттық өзімшілдікті ояту емес, қазақ тілімізді шұбарламай, кемсітпей, көкірегі ояу, саналы азаматтарға ой салғым келгендіктен айтып отырмын. Тағдырдың талай тауқыметін тартса дағы қазақ халқы өз тілінің тұтастығы мен тұнықтығын сақтай білген, біздің тіл сорлы тіл емес, қазақ тілі-құдіретті тіл.

Сан мыңдаған жылдан бері бізге мұра болып қалған тіл. Оны басқа тілмен шұбарламай келесі ұрпаққа жеткізу-біздің үлкен парызымыз. Сайып келгенде кемеңгер жазушымыз Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Сол тілді жазаған, жасап келе жатқан халықтың бағысы да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік белгісі-Ана тіл, оны өгей ұлдары менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деген екен.

Олай болса ана тілімізді, ұлы тұлғаларымызды құрметтеп, олардың аттары өз тілімізде асақтаттайық.

Қ.ӘБЕЙБЕКОВ,
Байсерке ауылы ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің ұжымы және кеңестің Президиум мүшелері Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаевқа аяулы жары

МАЙРА ШӘМШҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қазаға ортақтасып, қатты қайғырып көңіл айтады.

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1952
Индексі – 65472.